«Бекітемін»
№5 мектеп-лицей директоры
Р.Мухашова
« 29 » тамыз 2025ж

«Келісемін» _____
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Т.Тастаева
« 29 » тамыз 2025ж

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын
2025-2026 оқу жылында жүзеге асыруға арналған
тәрбие жұмысының жоспары
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының (№194, 30.07.2024)2-қосымшасына сәйкес
(ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен толықтырулар, өзгертулер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)

Сыныбы: 2 «Б»
Сынып жетекшісі: Есім Ғалия Маханбетжанқызы

2025-2026 оқу жылындағы «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНА сәйкес 2 «Б» сыныбында жоспар бойынша I жартыжылдықта атқарылған жұмыстардың анықтамалығы

Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1 қыркүйек -Білім күні. **«Мектебім-мейірім мекені!»«Менің Отаным – Қазақстан»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№1-САБАҚ:** *2-сыныптар:*«Төтенше қызмет нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**05.09.25ж.**
2-апта дәйексөзі: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!» **08-12.09.2025ж.**			
«Ана – отбасының шамшырағы»«Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері. ЖЖЕ №1 *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№2-САБАҚ:** *2- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты видеоролик	Сынып жетекшісі	**12.09.25ж.**
3-апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай) **15-19.09.2025ж.**			
«ДОСБОЛІКЕ» **«Буллингтен қорған! » « Менің ұжымым».** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 3-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**19.09.25ж.**
4-апта дәйексөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы».(Абай) **22-26.09.25ж.**			
«Еңбек етсең – емерсің» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 4-САБАҚ** *2 -сыныптар:* «Мұз үстіндегі қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**26.09.25ж.**
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық **1 қазан** – Халықаралық қарттар күні **5 қазан** – Мұғалімдер күні			

24 қазан – Кітапханашылар күні **25 қазан** – Республикакүні			
1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» **29.09-3.10.25ж.**			
«Қария – елдің тірегі, ұрпақтың жүрегі» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 5-САБАҚ** *2- сыныптар:*«5 секунд» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**03.10.26ж.**
2-апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» **06-10.10.25ж.**			
«Ұстаз – ұлы тұлға» /«Реттеуші және оның белгілері».ЖЖЕ №2 *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 6-САБАҚ** *2 -сыныптар:* «Желі арқылы танысу қаупі»	Сынып сағаты Челлендж	Сынып жетекшісі	**10.10.26ж.**
3-апта дәйексөзі: «Отанды сүю – отбасынан басталады!» **13-17.10.25ж.**			
«Қандай ойын жақсы?» (пайдалы-зиянды ойындарды) *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 7-САБАҚ** *2- сыныптар:*«Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**17.10.26ж.**
4-апта дәйексөзі: «Отаным – алтын бесігім!» **20-24.10.25ж.**			
Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№8-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Егер жабайы жануарларды кездестірсем не істеймін»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.10.26ж.
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы **15 қараша** – «Ұлттық валюта» теңге күні **16 қараша**–Халықаралықтолеранттылықкүні			
II тоқсан **1-апта дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»** **03-07.11.25ж.**			

«Адал азамат.» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 9-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	07.11.26ж.
2-апта дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!» **10-14.11.25ж.**			
15 қараша – **Ұлттық валюта – теңге күні** **«Ұлттық валюта-теңге»** **«Теңге — Тәуелсіздіктің тірегі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 10-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Жазғы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	14.11.26ж.
3-апта дәйексөзі: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі» **17-21.11.25ж.**			
«ДОСБОЛЛІКЕ» **«Буллингтен қорған! »Біздің қызығушылықтарымыз достықты нығайтады.** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 11-САБАҚ** *2-сыныптар:*«Төтенше қызмет нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	21.11.26ж.
4-апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» **24-28.11.25ж.**			
«Энергияны үнемдеу – экологияны қорғау» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 12-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**28.11.26ж.**
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы **5 желтоқсан** – Дүниежүзілік Еріктілер күні **16 желтоқсан** – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні			
1-апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады» **01-05.12.25ж.**			

Қоғамдық мүлікті қорға»*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 13-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Сынып сағаты Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшісі	**05.12.26ж.**
2-апта дәйексөзі: « Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» 08-12.12.25ж.			
«Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл»// «Мектепке барар жол. (Сенің күн сайынғы бағдарың)» ЖЖЕ №3 *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 14-САБАҚ** *2 -сыныптар:* «Мұз үстіндегі қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**12.12.26ж.**
3-апта дәйексөзі: «Бірлік болмай, тірлік болмас» 15-19.12.25ж.			
«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 15-САБАҚ** *2- сыныптар:*«5 секунд» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**19.12.26ж.**
4-апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған» 22-26.12.25ж.			
«Жаңа жылдық тарту» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 16-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Желі арқылы танысу қаупі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**26.12.26ж.**

1 қыркүйек -Білім күні. 02.09.2025 ж.

«Мектебім-мейірім мекені!»**Тақырыбы:** «Менің Отаным – Қазақстан»

Бұл сынып сағаты оқушылардың туған елге деген сүйіспеншілігін арттыруға, Қазақстанның тарихы, мемлекеттік рәміздері, мәдениеті мен табиғи байлықтары туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған. Іс-шара барысында оқушылардың отансүйгіштік сезімі қалыптасып, азаматтық жауапкершілігі мен ұлттық құндылықтарға құрметі нығаяды. Сынып сағаты пікір алмасу, шығармашылық тапсырмалар және танымдық сұрақтар арқылы жүргізілді.






Тақырыбы: «Ана – отбасының шамшырағы»**12.09.2025**

Бұл сынып сағаты оқушылардың анаға деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыруға, отбасы құндылықтарының маңызын түсіндіруге бағытталған. Іс-шара барысында ананың отбасындағы рөлі, мейірімі мен еңбегі туралы әңгіме өрбіді. Оқушылар адамгершілікке, ізгілікке, үлкенді сыйлауға тәрбиеленіп, өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік алды. Сынып сағаты тәрбиелік әңгіме, пікір алмасу және шығармашылық тапсырмалар түрінде өткізілді.






Тақырыбы: «ДОСВОLLIKE»**19.09.2025**

Бағыты: «Буллингтен қорған!», «Менің ұжымым»

Бұл сынып сағаты оқушыларға буллингтің алдын алу, бір-біріне құрметпен қарау және қауіпсіз, қолайлы сынып ортасын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылады. Іс-шара барысында «ДОСВОLLIKE» жобасының негізгі идеялары түсіндіріліп, достық, өзара қолдау, ынтымақтастық ұғымдары талқыланды.

Оқушылар буллингтің түрлері мен салдарын танып, қиын жағдайларда өздерін қорғау жолдарын үйренді. Сонымен қатар, ұжымда татулықты сақтау, жауапкершілік пен сенімді қарым-қатынас орнату туралы ой бөлісті. Сынып сағаты пікір алмасу, жағдаяттық тапсырмалар және тәрбиелік әңгіме арқылы өткізілді.





Тақырыбы: «Еңбек етсең – емерсің»**26.09.2025**

Бұл сынып сағаты оқушыларды еңбекқорлыққа, жауапкершілікке және адал еңбек етуге тәрбиелеуге бағытталған. Іс-шара барысында еңбектің адам өміріндегі маңызы, табандылық пен төзімділіктің жетістікке жетудегі рөлі туралы түсінік беріледі. Оқушылар әртүрлі мамандықтармен танысып, еңбек арқылы мақсатқа жетудің үлгілерін талқылады.

Сынып сағаты әңгіме, пікір алмасу және тәрбиелік тапсырмалар арқылы өткізіліп, оқушылардың еңбекке деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.





Тақырыбы: «Қария – елдің тірегі, ұрпақтың жүрегі»**03.10.2025**

Бұл сынып сағаты оқушыларды үлкендерді құрметтеуге, қариялардың қоғамдағы және отбасындағы рөлін түсінуге тәрбиелеуге бағытталған. Іс-шара барысында ата-әжелердің өмірлік тәжірибесі, даналығы мен тәрбиелік өнегесі туралы әңгіме өрбиді.

Оқушылар ізеттілікке, мейірімділікке, ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеуге баулынады. Сынып сағаты тәрбиелік әңгіме, пікір алмасу және шығармашылық тапсырмалар арқылы өткізіліп, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға ықпал етеді.




Тақырыбы: «Ұстаз – ұлы тұлға»**10.10.2025**

Бұл сынып сағаты оқушылардың ұстаз еңбегіне деген құрметін арттыруға, мұғалімнің қоғамдағы және шәкірт өміріндегі маңызды рөлін түсіндіруге бағытталған. Іс-шара барысында ұстаздың білімі мен тәрбиесі, адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы еңбегі туралы

әңгіме қозғалды.
Оқушылар алғыс айтуға, сыйластыққа, білімге құштарлыққа тәрбиеленеді. Сынып сағаты тәрбиелік әңгіме, пікір алмасу және шығармашылық тапсырмалар арқылы өткізілді.





Тақырыбы: «Қандай ойын жақсы?»**17.10.2025**
Бағыты: пайдалы және зиянды ойындар
Бұл сынып сағаты оқушыларға ойынның адам дамуына әсерін түсіндіруге, пайдалы және зиянды ойындарды ажырата білуге бағытталған. Іс-шара барысында қимылды, зияткерлік және ұлттық ойындардың денсаулыққа, ой-өріске тигізетін пайдасы, ал шамадан тыс компьютерлік және онлайн ойындардың кері әсері талқыланады.
Оқушылар уақытты тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын ұстану және қауіпсіз ойын таңдаудың маңызын түсінеді. Сынып сағаты пікір алмасу, жағдаяттық тапсырмалар және тәрбиелік әңгіме түрінде өткізілді.





Тақырыбы: Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні»**24.11.2025**
Бұл сынып сағаты оқушыларға 25 қазан – Республика күнінің тарихи маңызын түсіндіруге, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен егемендігінің қалыптасу жолы туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған. Іс-шара барысында мемлекеттік рәміздерге, ел тарихына және ұлттық құндылықтарға деген құрмет қалыптастырылады.
Оқушылар отансүйгіштікке, ел бірлігі мен жауапкершілікке тәрбиеленеді. Сынып сағаты тәрбиелік әңгіме, танымдық мәліметтер және пікір алмасу арқылы өткізілді.







Тақырыбы: «Адал азамат»**07.11.2025**

Бұл сынып сағаты оқушыларды адалдыққа, әділдікке, жауапкершілікке және азаматтық ұстанымға тәрбиелеуге бағытталған. Іс-шара барысында адал азаматқа тән қасиеттер, қоғам алдындағы борыш, заң мен тәртіпті сақтау туралы түсінік берілді.

Оқушылар дұрыс таңдау жасауға, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға және айналасындағыларға құрмет көрсетуге баулынады. Сынып сағаты тәрбиелік әңгіме, өмірлік мысалдар және пікір алмасу арқылы өткізілді.





Тақырыбы: «Ұлттық валюта – теңге»**14.11.2025**

Бұл сынып сағаты оқушыларға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің тарихы мен маңызын түсіндіруге, қаржылық сауаттылықтың бастапқы негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Іс-шара барысында теңгенің енгізілуі, оның ел экономикасындағы рөлі және ақшаны тиімді пайдалану туралы мәліметтер берілді.

Оқушылар ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиеленеді. Сынып сағаты танымдық әңгіме, пікір алмасу және көрнекі материалдар арқылы өткізілді.



Тақырыбы: «Буллингтен қорған!»**21.11.2025**

Бұл сынып сағаты оқушыларға мектептегі буллингтің (қорлау, мазақтау, тіл тигізу) түрлерін, оның салдарын түсіндіруге және өздерін қорғау жолдарын үйретуге бағытталған. Іс-шара барысында балалардың бір-біріне құрметпен қарауы, достық қатынастарды сақтау және қиын жағдайларда қалай әрекет ету керектігі қарастырылды.

Оқушылар өз құқықтарын білуге, қауіпсіздік пен психологиялық жайлылықты сақтауға, сондай-ақ ұжымдағы татулықты нығайтуға тәрбиеленеді. Сынып сағаты пікір алмасу, практикалық жаттығулар және тәрбиелік әңгіме арқылы өткізілді.






Тақырыбы: «Энергияны үнемдеу – экологияны қорғау»**28.11.2025**

Бұл сынып сағаты оқушыларды энергияны тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың маңызымен таныстыруға бағытталған. Іс-шара барысында энергия үнемдеудің жолдары, табиғи ресурстардың шектеулігі және экологиялық тепе-теңдікті сақтау туралы түсінік берілді.

Оқушылар қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға, үнемшілдік пен экологиялық сана қалыптастыруға тәрбиеленеді. Сынып сағаты практикалық мысалдар, пікір алмасу және танымдық тапсырмалар арқылы өткізілді.





Тақырыбы: «Қоғамдық мүлікті қорға»**05.12.2025**

Бұл сынып сағаты оқушыларға қоғамдық мүліктің (мектеп, саябақ, ойын алаңдары, көшелердегі құрал-жабдықтар) маңызын түсіндіру және оны сақтау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Іс-шара барысында мүлікті бүлдірмеу, тәртіп сақтау және өз үлесін қосу жолдары қарастырылды.

Оқушылар жауапкершілікке, қоғамдық мүлікті бағалауға және қоршаған ортаға құрметпен қарауға тәрбиеленеді. Сынып сағаты әңгіме, пікір алмасу және практикалық мысалдар арқылы өткізілді.




Тақырыбы: «Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл»**12.12.2025**

Бұл сынып сағаты оқушыларды Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерліктерімен, шығармашылығымен таныстыруға бағытталған. Іс-шара барысында оның Отан алдындағы қызметі, жауынгерлік ерлігі, жазушылық еңбегі және адамгершілік қасиеттері талқыланды.

Оқушылар патриотизмге, батылдыққа, азаматтық жауапкершілікке және туған елді сүюге тәрбиеленеді. Сынып сағаты әңгіме, тарихи деректерді талдау және пікір алмасу арқылы өткізілді.




Тақырыбы: «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым»**19.12.2025**

Бұл сынып сағаты оқушыларға Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің мәні мен маңызын түсіндіруге бағытталған. Іс-шара барысында тәуелсіздік алғаннан кейінгі ел тарихы, жетістіктері, мемлекеттік рәміздер және ұлттық құндылықтар қарастырылды.

Оқушылар отансүйгіштікке, ел бірлігіне, өз еліне құрмет пен жауапкершілік сезіміне тәрбиеленеді. Сынып сағаты танымдық әңгіме, пікір алмасу және шығармашылық тапсырмалар арқылы өткізілді.






Тақырыбы: «Жаңа жылдық тарту»**26.12.2025**

Бұл сынып сағаты оқушыларды мерекелік көңіл-күйге бөлеп, бір-біріне сыйлық жасау арқылы сыйластық пен достық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған. Іс-шара барысында жаңа жыл дәстүрлері, мерекелік әдет-ғұрыптар және сыйлық таңдаудың мәні қарастырылды.

Оқушылар өз ой-пікірін білдіруге, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге және достыққа, мейірімділікке тәрбиеленеді. Сынып сағаты мерекелік ән шашулармен, сыйлықтармен алмасу арқылы өткізілді.






2025-2026 оқу жылындағы «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНА сәйкес 2 «Б» сыныбында жоспар бойынша ІІ жартыжылдықта атқарылған жұмыстардың анықтамалығы

ІІІ тоқсан **Қаңтар – заң және тәртіп айы** 1 қаңтар – Жаңа жыл			
2-апта дәйексөзі : «Талап бар жерде, тәртіп бар» **12-16.01.26ж.**			
17	**«Адал бала – ел болашағы»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 17-САБАҚ** *2- сыныптар:*«Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»	Сынып сағаты (адалдық сағаты)	Сынып жетекшісі
3-апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбие бастауы» **19-23.01.26ж.**			
18	**«ДОСБОЛІКЕ» «Буллингтен қорған! »** **Өзге адамдармен сөйлесуді үйрену** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 18-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Егер жабайы жануарларды кездестірсем не істеймін»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
4-апта дәйексөздері: «Әділет жолы- адал жол» **26-30.01.26ж.**			
19	**«Мен де өз құқығымды білемін!»** **№ 19-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық **14 ақпан** – Халықаралық кітап сыйлау күні **Ақпанның бірінші сейсенбісі** – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні			
1-апта дәйексөзі: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге» **02-06.02.26ж.**			
20	**«4 ақпан** - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» **«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 20-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Жазғы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережелері»		
2-апта дәйексөзі: «Шығармашыл бала – ойлы бала» 9-13.02.26ж.			
21	**«Телефон емес – достармен ойын!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 21-САБАҚ:** *2-сыныптар:* «Төтенше қызмет нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
3-апта дәйексөзі: «Өнерлі бала - өрге жүзер» 16-20.02.26ж.			
22	***Қауіпсіз қоғам. «Мен сақ болсам – бәрі қауіпсіз!»/ Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды. ЖЖЕ №4*** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 22-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
4-апта дәйексөзі: «Жаңашылдық – заман талабы» 23-27.02.26ж.			
23	**«Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846–1945)»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 23-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	«Тәртіп-тәрбие бастауы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 23-САБАҚ 4- сыныптар: «Құпия сөз – сіздің отбасылық пароліңіз» Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы **1 наурыз** – Алғыс айту күні **8 наурыз** – Халықаралық әйелдер күні **21, 22, 23 наурыз** – Наурыз мерекесі **30 наурыз** – Дүниежүзілік Жер күні			

1-апта дәйексөзі: «Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...»(Б.Момышұлы) 02-06.03.26ж.			
24	**«Алғыс айту – рухани байлық»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№24-САБАҚ** *2 -сыныптар:* «Мұз үстіндегі қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
2-апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» 09-13.03.26ж.			
25	**«Бәрінен биік ана жүрегі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 25-САБАҚ** *2- сыныптар:*«5 секунд» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»	Сынып сағаты челленджі	Сынып жетекшісі
3-апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» 16-20.03.26ж.			
26	**«Наурыз – жыл басы»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 26-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Желі арқылы танысу қаупі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
IV тоқсан **Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы** **2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні **7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні **12 сәуір** – Ғылым күні **15 сәуір** – Халықаралық мәдениет күні **18 сәуір** – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні **23 сәуір** – Ұлттық кітап күні			
1-апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең» 30.03-03.04.26ж.			
27	**2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні** **«Кітап-рухани қазына» /** **«Қала сыртына шығу» ЖЖЕ №5** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

	№ 27-САБАҚ *2- сыныптар:*«Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»		
2-апта дәйексөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай) 06-110.04.26ж.			
28	**7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні **«Өмірге салауатты қадам»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут* **№ 28-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Егер жабайы жануарларды кездестірсем не істеймін»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
3-апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Леонардо да Винчи) 13-17.04.26ж.			
29	**12 сәуір – Ғарышкерлер күні «Байқоңырдан басталған сапар»***Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№29-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
4-апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар» 20-24.04.26ж.			
30	**№ 30-САБАҚ** **«ДОСБОЛІКЕ» Жақсылықты бірге жасайық** **«Буллингтен қорған! »** *2- сыныптар:* «Жазғы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
5-апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер» 27.04-01.05.2026ж.			
31	**Біз әртүрліміз, бір теңбіз»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 31-САБАҚ:** *2-сыныптар:* «Төтенше қызмет нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы			

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні **7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні **9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні **15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні **18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні **31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні			
1-апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ» 04.09.05.26ж.			
32	**«9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 32-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
2-апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ» 11-15.05.26ж.			
33	**«Отбасы-бақыт мекені»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 33-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би) 18-22.05.26ж.			
34	**«Білімім – Отаныма!» / «Жол жүргізушілердің көзімен»ЖЖЕ №6** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 34-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

Тақырыбы:«Адал бала – ел болашағы» 09.01.2026ж

«Адал бала – ел болашағы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға адалдық, әділдік, адамгершілік қасиеттердің маңызын түсіндіру, олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Іс-шара барысында оқушылар адалдық туралы мақал-мәтелдер айтып, тақырыпқа байланысты пікір алмасты. Сонымен қатар түрлі жағдаяттық сұрақтар талқыланып, оқушылар өз ойларын еркін жеткізді. Тәрбие сағатында адал еңбектің, шынайылық пен сенімнің қоғамдағы орны ерекше екені айтылды.Сынып сағаты тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті. Оқушылар белсенді қатысып, адалдықтың адам өміріндегі маңызды құндылық екендігін түсінді.





«ДОСБОЛЫКЕ» «Буллингтен қорған! 16.01.2026ж

Буллингтен қорған — оқушыларға буллингтің зияны мен оның алдын алу жолдарын түсіндіруге арналған тәрбиелік шара. Сынып сағатының мақсаты — балаларды бір-біріне құрметпен қарауға, мейірімді әрі қамқор болуға тәрбиелеу. Сонымен қатар буллингке ұшыраған жағдайда көмек сұрау, өз құқығын қорғау және қиын жағдайдан дұрыс шығу жолдарын үйретеді. Бұл тақырып оқушылар арасында достықты, сыйластықты және қауіпсіз ортаны қалыптастыруға бағытталған.





Тақырыбы:«Мен де өз құқығымды білемін!» 23.01.2026ж


Мен өз құқығымды білемін» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға бала құқығы туралы түсінік беру, өз құқықтары мен міндеттерін білуге үйрету, адамгершілікке, әділдікке тәрбиелеу.Іс-шара барысында оқушыларға Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары туралы мағлұмат берілді. Оқушылар білім алуға, демалуға, емделуге, өз ойын еркін айтуға құқылы екені түсіндірілді. Сонымен қатар әрбір баланың өз міндеттері бар екені айтылып, үлкендерді сыйлау, тәртіп сақтау, сабаққа жауапкершілікпен қарау керектігі түсіндірілді.Сынып сағатында сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақал-мәтел айту сияқты жұмыстар ұйымдастырылды. Оқушылар өз құқықтары туралы ойларын айтып, белсенді қатысты. Тақырыпқа байланысты суреттер көрсетіліп, тәрбиелік маңызы бар түсіндіру жұмыстары жүргізілді.Іс-шара өз мақсатына жетті. Оқушылар өз құқықтары мен міндеттері туралы толық мағлұмат алып, құқықтық сауаттылықтарын арттырды.





«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» 30.01.2026ж

4 ақпан – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күніне орай «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға интернетті дұрыс және қауіпсіз пайдалану жолдарын түсіндіру, цифрлық ортадағы қауіпсіздік ережелерін үйрету, зиянды ақпараттан сақтануға тәрбиелеу.Сабақ барысында оқушыларға интернеттің пайдасы мен зияны туралы түсінік берілді. Әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде жеке мәліметтерді бөгде адамдарға бермеу, күмәнді сілтемелерді ашпау, интернеттегі әдептілік ережелерін сақтау керектігі түсіндірілді. Сонымен қатар кибербуллингтің алдын алу, компьютер мен телефонды қауіпсіз қолдану жолдары айтылды.









«Телефон емес – достармен ойын!» 6.02.2026ж

«Телефон емес – достармен ойын!» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға телефонды шамадан тыс қолданудың зиянын түсіндіру, бос уақытты тиімді өткізуге баулу, достармен қарым-қатынасты нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау.Сабақ барысында оқушыларға телефон мен гаджеттерді ұзақ қолданудың денсаулыққа кері әсері туралы айтылды. Көздің шаршауы, омыртқаға зиян келуі, уақытты бос өткізу сияқты мәселелер түсіндірілді. Сонымен қатар оқушыларға таза ауада ойнаудың, достарымен бірге түрлі ойындар ұйымдастырудың пайдасы туралы мәлімет берілді.Іс-шара кезінде сұрақ-жауап, әңгімелесу жұмыстары жүргізіліп, оқушылар өз ойларын ортаға салды. Балалар қызықты қимылды ойындар туралы айтып, достарымен бірге ойнаудың көңілді әрі пайдалы екенін жеткізді. Тақырыпқа байланысты тәрбиелік түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.









Қауіпсіз қоғам. «Мен сақ болсам – бәрі қауіпсіз!» 13.02.2026ж

«Қауіпсіз қоғам. «Мен сақ болсам – бәрі қауіпсіз!» / Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды» тақырыбында ЖЖЕ №4 қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, жол жүру ережелерін сақтауға үйрету, ойын ойнайтын қауіпсіз және қауіпті орындарды ажырата білуге тәрбиелеу.Сабақ барысында оқушыларға көшеде, жол бойында, көлік жүретін жерде ойнауға болмайтыны түсіндірілді. Балаларға арнайы ойын алаңдарында, аулада, саябақта ойнаудың қауіпсіз екені айтылды. Сонымен қатар жолдан өту ережелері, бағдаршам белгілері және жаяу жүргіншілер жолын пайдалану туралы мәлімет берілді.Іс-шара кезінде сұрақ-жауап, әңгімелесу және жағдаяттық тапсырмалар ұйымдастырылды.

Оқушылар қауіпсіздік ережелері туралы өз ойларын айтып, белсенді қатысты. Тақырыпқа байланысты суреттер көрсетіліп, жолда өзін дұрыс ұстау ережелері түсіндірілді.




Тақырыбы: Жыр алыбы- Жамбыл 20.02.2026ж

2 «Ә» сыныбында «Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846–1945)» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты – оқушыларға Жамбыл атаның өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру, ақын өлеңдері арқылы елін, жерін сүюге, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Сабақ барысында оқушылар ақынның өмір жолымен танысып, өлеңдерін мәнерлеп оқыды, сұрақ-жауап жұмыстарына белсенді қатысты. Сонымен қатар Жамбыл Жабаевтың қазақ әдебиетіндегі орны мен өнегелі өмірі туралы бейнематериалдар көрсетіліп, тәрбиелік әңгіме жүргізілді.






Тақырыбы: «Алғыс айту – рухани байлық» 27.02.2026ж
«Алғыс айту күні» сынып сағаты – оқушыларға ризашылық пен құрмет көрсету мәдениетін үйретуге, мейірімділік пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік іс-шара. Бұл тәрбие сағаты барысында оқушылар алғыс айтудың адам өміріндегі маңызын түсініп, айналасындағы адамдарға қамқорлық пен сыйластық танытуға тәрбиеленеді.

Сынып сағатының негізгі мақсаты – оқушылардың бойында ізгілік, сыйластық, достық және татулық қасиеттерін дамыту, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсетуге баулу. Сонымен қатар, еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің бірлігі мен ынтымағын насихаттау, бейбітшілік пен келісімнің маңызын

түсіндіру көзделеді. Оқушыларды ата-анаға, ұстазға, достарына және қоғамға ризашылық білдіруге тәрбиелеу арқылы адамгершілік құндылықтарды нығайту мақсат етіледі.

Іс-шара барысында алғыс туралы нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, тәрбиелік әңгімелер, бейнероликтер, шығармашылық жұмыстар, пікір алмасу және жүрекжарды тілектер ұйымдастырылды.





Тақырыбы:«Бәрінен биік ана жүрегі» 6.03.2026ж

Ана – әрбір адамның өміріндегі ең қымбат жан, отбасының берекесі мен тірегі. Бүгінгі қоғамда ананың еңбегін құрметтеу, қыз балаларды ізгілікке, әдептілікке тәрбиелеу маңызды орын алады. Осыған байланысты өткізілген тәрбие сағаты оқушылардың анаға деген сүйіспеншілігін арттырып, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеуге бағытталды.Оқушыларға анаға деген құрмет пен махаббатты дәріптеу, отбасы құндылықтарын насихаттау, ізеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.Сынып сағаты барысында «Құрмет», «Сүйіспеншілік», «Қамқорлық», «Отбасы құндылығы» ұғымдары кеңінен насихатталды. Оқушылар аналарға арналған өлеңдер оқып, ән айтып, жүрекжарды тілектерін білдірді. Сонымен қатар ана еңбегінің маңыздылығы туралы пікір алмасып, мерекелік құттықтаулар ұйымдастырылды.Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, оқушылар белсенділік танытты. Тәрбие сағаты оқушылардың бойында мейірімділік, сыйластық және отбасына деген құрмет сезімдерін қалыптастыруға ықпал етеді.









Тақырыбы: Наурыз- жыл басы 13.03.2026ж

«Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» сынып сағаты – оқушыларға қазақ халқының ұлттық мерекесі Наурыздың мәні мен маңызын түсіндіруге, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуге бағытталған тәрбиелік іс-шара. Бұл тәрбие сағаты барысында оқушылар Наурыз мейрамының тарихымен танысып, халқымыздың әдет-ғұрпы, ұлттық құндылықтары мен рухани мұралары туралы білім алады.Сынып сағатының негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бойына ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді сіңіру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу, халық дәстүрлерін қастерлеуге баулу. Сонымен қатар, оқушыларды татулыққа, бірлікке, достыққа және мейірімділікке тәрбиелеу көзделеді. Наурыз мерекесінің жаңару мен жақсылықтың бастауы екенін ұғындыру арқылы оқушылардың туған елге, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттыру мақсат етіледі.Іс-шара барысында ұлттық ойындар, салт-дәстүр көріністері, мақал-мәтелдер, ән-жырлар, би, викториналар мен шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылды.






2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні «Кітап-рухани қазына» 03.04.2026ж

Халықаралық кітап сыйлау күні — кітап оқуды насихаттайтын және адамдарды бір-біріне кітап сыйлауға үндейтін ерекше мереке. Бұл күннің басты мақсаты — кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыру, білім мен рухани құндылықтарды дәріптеу. Мереке барысында оқушылар мен ұстаздар бір-біріне кітап сыйлап, әдеби шығармалар туралы пікір алмасады, кітап оқудың маңызын түсіндіретін шаралар ұйымдастырады. Кітап сыйлау күні адамды білімге, ізгілікке және рухани дамуға жетелейтін тәрбиелік мәні зор мереке болып табылады.








Тақырыбы:«Өмірге салауатты қадам» 10.04.2026ж

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Өмірге салауатты қадам» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға денсаулықтың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу және жеке бас гигиенасын сақтауға үйрету.Сабақ барысында оқушыларға дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау, спортпен шұғылдану және тазалық сақтаудың денсаулыққа пайдасы туралы түсіндірілді. Сонымен қатар зиянды әдеттерден аулақ болу, таза ауада серуендеу және қауіпсіз өмір салтын ұстану жөнінде мағлұмат берілді.Іс-шара кезінде сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақал-мәтел айту сияқты жұмыстар ұйымдастырылды. Оқушылар денсаулық туралы өз ойларын айтып, белсенділік танытты. Тақырыпқа байланысты суреттер мен тәрбиелік материалдар көрсетіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді




Тақырыбы: Байқоңырдан басталған сапар 17.04.2026ж

12 сәуір – Ғарышкерлер күніне орай «Байқоңырдан басталған сапар» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға ғарыш әлемі туралы мағлұмат беру, еліміздің ғарыш саласындағы жетістіктерін таныстыру, ғылымға қызығушылықтарын арттыру және қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.Сабақ барысында оқушыларға Байқоңыр ғарыш айлағы туралы мәлімет беріліп, оның әлемдегі тұңғыш әрі ең ірі ғарыш айлағы екені түсіндірілді. Сонымен қатар алғашқы ғарышкер Юрий Гагарин және қазақ

ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев туралы айтылды.Іс-шара барысында оқушыларға қауіпсіздік ережелерін сақтау, техникамен дұрыс жұмыс істеу, қоғамдық орындарда тәртіп сақтау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сұрақ-жауап, әңгімелесу ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты. Тақырыпқа байланысты суреттер мен қызықты мәліметтер көрсетілді.








«ДОСБОЛLIKE» – «Жақсылықты бірге жасайық», «Буллингтен қорған! 24.04.2026ж

«ДОСБОЛLIKE» – «Жақсылықты бірге жасайық», «Буллингтен қорған!» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға буллинг туралы түсінік беру, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу, достық пен мейірімділікті насихаттау және қауіпсіз орта қалыптастыру.Сабақ барысында оқушыларға буллингтің адамға тигізетін зияны туралы түсіндірілді. Біреуді ренжітуге, мазақ етуге, кемсітуге болмайтыны айтылып, қиын жағдайда үлкендерден көмек сұрау керектігі түсіндірілді. Сонымен қатар достықтың, сыйластықтың және бір-біріне қолдау көрсетудің маңызы туралы әңгіме жүргізілді.Іс-шара кезінде сұрақ-жауап, пікір алмасу, жағдаяттық тапсырмалар ұйымдастырылды. Оқушылар өз ойларын ашық айтып, бір-біріне жылы сөздер білдірді. Тақырыпқа байланысты тәрбиелік бейнематериалдар мен суреттер көрсетіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.Сабақ соңында оқушылар буллингтің алдын алу жолдарын түсініп, достық қарым-қатынасты нығайтуға және бір-біріне қамқор болуға шақырылды. Іс-шара өз мақсатына жетті.






Тақырыбы: «Біз әртүрліміз, бір теңбіз» 30.04.2026ж

«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға адамдардың бір-бірінен ерекшеленетінін түсіндіру, өзара сыйластыққа, достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу және қауіпсіз орта қалыптастыру.Сабақ барысында оқушыларға әр адамның мінезі, қызығушылығы, қабілеті әртүрлі болса да, барлығының құқығы тең екені түсіндірілді. Бір-бірін кемсітпеу, мазақ етпеу, өзгелердің пікірін құрметтеу туралы әңгіме жүргізілді. Сонымен қатар достықтың, татулықтың және бірлікпен өмір сүрудің маңызы айтылды.Іс-шара кезінде сұрақ-жауап, пікір алмасу, ойын элементтері ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты. Балалар өз достары туралы жылы пікірлер айтып, бір-біріне жақсы тілектер білдірді.




Тақырыбы: Жеңіс күні 08.05.2026ж

9 мамыр – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға Жеңіс күнінің маңызын түсіндіру, Отанды сүюге, батырларды құрметтеуге тәрбиелеу және мереке кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы түсінік беру.Сабақ барысында оқушыларға Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік пен батырлық туралы мәлімет берілді. Соғыс ардагерлерінің ерлігі айтылып, бейбіт өмірдің қадірін білу қажеттігі түсіндірілді. Сонымен қатар мерекелік іс-шаралар кезінде қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстау, жолда абай болу, қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы

әңгіме жүргізілді.Іс-шара кезінде сұрақ-жауап, әңгімелесу және тәрбиелік жұмыстар ұйымдастырылды. Оқушылар Жеңіс күні туралы өлеңдер айтып, өз ойларын ортаға салды. Тақырыпқа байланысты суреттер мен бейнематериалдар көрсетіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді«Отан қорғаушылар күні» сынып сағаты – оқушыларға ел қорғаудың маңызын түсіндіруге, Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік іс-шара. Бұл сынып сағаты барысында оқушылар батырлық, ерлік, елге қызмет ету ұғымдарының мәнін түсініп, әскери мамандықтарға құрметпен қарауды үйренеді.Іс-шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, ел тыныштығын қорғаған батырлар мен сарбаздардың ерлігін үлгі ету, жауапкершілік пен азаматтық борыш сезімін қалыптастыру. Сынып сағатында тарихи деректер, батырлар туралы әңгімелер, мақал-мәтелдер, патриоттық әндер мен шығармашылық тапсырмалар қолданылды.








Тақырыбы:«Отбасым -бақыт мекенім» 15.05.2026ж

Тақырыбы:«**Отбасым -бақыт мекенім**» сынып сағаты – оқушыларды отбасының маңызын түсінуге, ата-анасын сүюге, мейірімді болуға,қамқорлық жасай білуге,қолғабыс көрсетуге білуге тәрбиелейтін тәрбиелік іс-шара. Бұл сынып сағаты барысында оқушылар білім арқылы отбасын ,ата ананы,үлкендерді құрметтеудің,кішілерге қамқорлық жасау маңызын ұғынады, патриоттық сезімі қалыптасады және болашаққа деген жауапкершілігі артады.

Осыған байланысты өткізілген тәрбие сағаты оқушылардың ата анаға деген сүйіспеншілігін арттырып, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеуге бағытталды.Оқушыларға ата анаға деген құрмет пен махаббатты дәріптеу, отбасы құндылықтарын насихаттау, ізеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.Сынып сағаты барысында «Құрмет», «Сүйіспеншілік», «Қамқорлық», «Отбасы құндылығы» ұғымдары кеңінен насихатталды. Оқушылар аналарға арналған өлеңдер оқып, ән айтып, жүрекжарды тілектерін білдірді. Сонымен қатар ана еңбегінің маңыздылығы туралы пікір алмасып, мерекелік құттықтаулар ұйымдастырылды.Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, оқушылар белсенділік танытты. Тәрбие сағаты оқушылардың бойында мейірімділік, сыйластық және отбасына деген құрмет сезімдерін қалыптастыруға ықпал етті.


Тақырыбы:«Білімім – Отаныма» «Заң және тәртіп-Конституция құндылықтары» 22.05.2026ж

Тақырыбы:«Білімім – Отаныма» сынып сағаты – оқушыларды білімнің маңызын түсінуге, елін сүюге, туған жеріне қызмет етуге тәрбиелейтін тәрбиелік іс-шара. Бұл сынып сағаты барысында оқушылар білім арқылы Отанның дамуына үлес қосудың маңызын ұғынады, патриоттық сезімі қалыптасады және болашаққа деген жауапкершілігі артады.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру, білімге деген қызығушылықты арттыру және еліміздің болашағы білімді жастардың қолында екенін түсіндіру. Сынып сағатында мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, пікірталас, шығармашылық тапсырмалар мен тәрбиелік әңгімелер қолданылды.







